



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 08 ж. « 23 » сәуір

БҰРЫН 2003 ж. « 12 » қараша ТІРКЕЛДІ

№ 3898-1900-АҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 08 ж. « 23 » сәуір

БҰРЫН 2003 ж. « 12 » қараша ТІРКЕЛДІ

БСН 940140000385

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын
реттеу және қадағалау агенттігімен
КЕЛІСІЛДІ

Төраға (Төрағаның орынбасары)

2008 жылғы « 18 » қаурыз

“ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ”

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫНА

ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Акционерлердің жалпы жиналысының
шешімімен бекітілді
(2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама)

Алматы, 2008 жыл

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

1. Жарғының қазақ тіліндегі нұсқасындағы 1-бабының 1-тармағының в) тармақшасы мынадай редакцияда берілсін:

«в) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Halyk Savings Bank of Kazakhstan».

2. Жарғының 24-бабындағы 1-тармағының 4) тармақшасы алынып тасталсын.

3. Жарғының 30-бабының 16-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Банктің Директорлар кеңесі шешімді отырыс өткізілген жерде болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен қабылдағанда отырыс хаттамасында Директорлар кеңесінің осы аталған мүшесі мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға телефон немесе басқа байланыс арқылы қатысқандығы, ал бұл отырыс өткізілген жерде болмаған Кеңес мүшесін бір мәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндігі атап көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы өзінің дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен кейін екі ай мерзімнен кешіктірмей Банктің корпоративтік хатшысына қолма-қол табыстауға немесе почта байланысы құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі аталған жазбаша құжаттың көшірмесін отырыс өткізілген күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей факсимильдік немесе электрондық байланыспен Банктің корпоративтік хатшысына жіберуге тиіс.».

4. Жарғының 31-бабының 7-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасында банк қызметін реттестіретін заңнамада қарастырылған тәртіппен бекітіледі».

5. Жарғының 35-бабы алынып тасталсын.

6. Жарғының 36-бабының 1-тармағындағы соңғы сөйлем алынып тасталсын.

Уәкілетті тұлға

Марьясова Т.Н.

Марьясова Татьяна Николаевна